



<b>«Бекітілді»</b> Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Ғ.Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп - интернаты» КММ 2022 жылдың 31 тамызындағы №1 педагогикалық кеңес отырысымен Ғ.Келібердиева  _____	<b>«Келісілді»</b> Ғ.Алтынсарин мамандандырылған мектеп-интернатының кәсіподақ төрайымы Ш.К. Сейтқожина  _____
--	---

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Ғ. Алтынсарин атындағы мамандандырылған  
мектеп-интернаты» КММ педагогтеріне, білім  
алушылары мен ата- аналарына 2022-2023 оқу  
жылына арналған Ішкі тәртіп ережелері**

2022-2023 оқу жылы

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Б. Алтынсарин атындағы мамандандырылған  
мектеп- интернаты» КММ 2022 жылғы  
31 тамызындағы № 402 бұйрығына Қосымша -2

## **1. Жалпы Ережелер**

1.1. Осы Ішкі тәртіп Ережелерін құрастыруға Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР «Білім туралы» Заңы, ҚР Еңбек кодексі, ҚР «Баланың құқықтары туралы» Заңы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары»(ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.08.2022 №350 толықтырулары мен өзгерістері бар) (одан әрі - Оқуға қабылдау қағидалары), ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен (ҚР Білім және ғылым министрінің 13.07.2020 № 296) бекітілген «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар» (одан әрі - мектеп формасы талаптары), ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген(ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.12.2021 № 614) «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» (одан әрі - Қызмет қағидалары), ҚР 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293 «Педагог мәртебесі туралы» заңына, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырындағы № 190 бұйрығымен бекітілген «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Б. Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп- интернаты» КММ (одан әрі - мектеп-интернат) Жарғысы басшылыққа алынды.

1.2. Ішкі тәртіп ережелері мектеп-интернатта оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру, білім алушылар, педагогтер, ата-аналар (заңды өкілдері) құқықтары мен міндеттерін, педагогтердің еңбек ету жағдайларына, мектепті басқарудың алқалық формаларының жұмыстарына, білім алушыларды мектепке қабылдау сұрақтарын реттейді;

1.3. Мектеп қызметкерлері кестеге сәйкес мектеп директорымен бекітілген, кәсіподақ комитетімен келісілген бойынша оларға ұсынылған лауазымдық міндеттері және оқу кестесімен, мектептің ішкі тәртіп ережесіне сәйкес жұмыс жасайды.

## **2. Мектеп интернаттың жұмыс уақыты және білім беру үрдісін ұйымдастыру.**

2.1 Мектеп- интернатта 6 күндік жұмыс аптасы белгіленген.

2.2 Қызметкерлердің жұмыс күні:



Әкімшілік басқарушылық қызметкерлеріне аптасына -40 сағат. Мектеп-интернат әкімшілігінің жұмыс уақыты кестеге сәйкес жүзеге асырылады. Мектеп-интернат мұғалімдерінің жұмыс күні сабақ кестесіне сәйкес оқу жүктемесіне байланысты.

**Интернат меңгерушісі** дүйсенбіден –сенбіге дейін, жұмыс уақыты кестеге сәйкес жүзеге асырылады аптасына -40 сағат

**Интернат тәрбиеші-жүктемесіне сәйкес** (аптасына -30 сағат)

**Педгог- психолог-** дүйсенбіден -жұмаға дейін 9.00-17.00 (36 сағат)

**Әлеуметтік педагог** дүйсенбіден -жұмаға дейін 9.00-17.00, жұма -9.00-18.00 (36 сағат)

**Қосымша білім беру педагогі-оқу жүктемесіне сәйкес** (аптасына -16 сағат)

**Техникалық қызметкерлер үшін** дүйсенбіден- жұмаға дейін 9.00-17.00(7 сағат), сенбі күні 9.00-14.00 (5 сағат ), түскі ас уақыты -12.00-13.00, аптасына -40 сағат.

**Медициналық қызметкерлер:** үшін дүйсенбіден- жұмаға дейін 9.00–13.00, 14.00–18.00

**Алғашқы әскери дайындық ұйымдастырушысы үшін** дүйсенбіден- жұмаға дейін 9.00–13.00, 14.00–18.00

### **2.3 Білім беру үрдісін ұйымдастыру**

Оқу аптасының ұзақтығы 5 күн.

Мектеп-интернат 1 ауысымда, толық күн тәртібінде жұмыс жасайды.

Педагогтер жұмыс орынында 15 минут бұрын болуы қажет. Сыныпқа келу және қоңыраудан кейін себепсіз дайындалу оқу тәртібін бұзу болып табылады;

**Мектеп-интернат әкімшілігінің кезекшілігі**

**Дүйсенбі-** Касыбаева А.Т.

**Сейсенбі-** Мағзұм Г.Ә.

**Сәрсенбі-** Серикбаева А.Н.

**Бейсенбі-** Еликбаева Н.М.

**Жұма-** Токтамысова Г.К.

Мектеп-интернат әкімшілігінің кезекшілігі оқу сабақтарының басында 20 минут кешіктірілмей басталуы керек және 20 минут ауысым аяқталғанша жалғасуы керек.

Мектеп-интернат сынып оқушыларының арасындағы кезекшілік кестесі, асханадағы әкімшілік мүшелерінің кезекшілік кестесі директордың бұйрығымен бекітіледі, кәсіподақ ұйымының төрайымы(төрағасы) келісіледі.

### **3. Оқыту-тәрбие үдерісін ұйымдастыру**

3.1.Оқу жылы мектеп-интернатта 1 қыркүйектен басталады және 31 мамырда аяқталады. Оқу жылының ұзақтығы 36 аптаны құрайды, жыл бойына 7 күн күзгі, 9 күн қысқы, 9 күн көктемгі каникулдар белгіленеді.



Оқу жылының ұзақтығы және каникул кезеңдері ҚР БҒМ бұйрығымен реттеледі.

3.2. Мектеп-интернатта сабақтар сағат 8.30 минутта басталады, үзілістердің ұзақтығы 5 минуттан, үшінші, төртінші сабақтан кейін білім алушылардың тамақтануына ыңғайластырылған ұзақтығы 15 минуттан екі үзіліс қарастырылған. Сабақтардың ұзақтығы 45 минуттан.

2022-2023 оқу жылына арналған қоңырау кестесі

5-7 сыныптар үшін:

Сабақ	Сабақ уақыты	қоңырау ұзақтығы
1	8 <sup>30</sup> – 9 <sup>15</sup>	үзіліс: 5 мин
2	9 <sup>20</sup> – 10 <sup>05</sup>	үзіліс: 5 мин
3	10 <sup>10</sup> – 10 <sup>55</sup>	2- таңғы ас: 15 мин 5-7 сыныптар
4	11 <sup>10</sup> – 11 <sup>55</sup>	2- таңғы ас: 15 мин 8-11 сыныптар
5	12 <sup>10</sup> – 12 <sup>55</sup>	үзіліс: 5 мин
6	13 <sup>00</sup> – 13 <sup>45</sup>	үзіліс: 5 мин
	13 <sup>50</sup> – 14 <sup>35</sup>	Түскі ас
7	14 <sup>40</sup> – 15 <sup>25</sup>	

8-11 сыныптар үшін:

Сабақ	Сабақ уақыты	қоңырау ұзақтығы
1	8 <sup>30</sup> – 9 <sup>15</sup>	үзіліс: 5 мин
2	9 <sup>20</sup> – 10 <sup>05</sup>	үзіліс: 5 мин
3	10 <sup>10</sup> – 10 <sup>55</sup>	қосымша ас: 15 мин 5-7 сыныптар
4	11 <sup>10</sup> – 11 <sup>55</sup>	қосымша ас: 15 мин 8-11 сыныптар
5	12 <sup>10</sup> – 12 <sup>55</sup>	үзіліс: 5 мин
6	13 <sup>00</sup> – 13 <sup>45</sup>	үзіліс: 5 мин
7	13 <sup>50</sup> – 14 <sup>35</sup>	үзіліс: 5 мин
	14 <sup>40</sup> – 15 <sup>25</sup>	Түскі ас

### Толық күн жоспары 2022-2023 оқу жылы

№	Сабақтың басталу уақыты	Сабақтың аяқталу уақыты	Тамақтану уақыты	Сейсенбі күні
1	07:25	07:35	Таңғы ас интернат 9,10,11 топтар	
2	07:35	07:45	Таңғы ас интернат 5,6,7,8 топтар	
3	07:45	08:25	Таңғы ас келіп оқитын оқушылар	07:40-08:05
4	08:25	08:30	1-сабаққа дайындық қоңырау. Дүйсенбі күні ҚР Ән ұранын барлық сыныптар орындайды	08:05-08:25 Кітап оқу уақыты
5	08:30	09:15	1-сабақ	
6	09:20	10:05	2-сабақ	
7	10:10	10:55	3-сабақ	



			3-сабақтан кейін жеңіл ас 5,6,7 сыныптар
8	11:10	11:55	4-сабақ 4-сабақтан кейін жеңіл ас 8,9,10,11 сыныптар
9	12:10	12:55	5-сабақ
10	13:00	13:45	6-сабақ
11	13:50	14:35	7-сабақ 5,6,7 сыныптарға түскі ас
12	14:10	15:25	8-сабақ 8,9,10,11 сыныптарға түскі ас
13	14:40	19:30	Вариативтік компонент сабақтары, үйірмелер
14	15:45	16:00	Интернат оқушыларына арналған жеңіл ас
15	16:00	18:00	Интернат оқушыларының сабаққа дайындалу уақыты
	18:00	19:00	Серуен
16	19:00	19:30	Интернат оқушыларына арналған кешкі ас
17	20:30	20:45	Интернат оқушыларына арналған жеңіл ас
18	20:45	22:00	Ұйқыға дайындық
19	22:00	07:00	Ұйқы

3.3. Оқу үдерісі сабақ кестесі арқылы ұйымдастырылады, оны мектеп-интернат директоры бекітеді. Кестедегі сабақтар саны ата-аналар комитетімен келісіледі. Мектеп-интернаттың сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалады. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланады.

Білім алушыларды патриоттық рухта, биік адамгершілік құрметке тәрбиелеу мақсатында әр дүйсенбі сайын 8.25-:8.30 аралығында ҚР Мемлекеттік Әнұранын міндетті орындаудан басталады. Бұл уақытты өткізуге сынып жетекшілері жауапты. Аптаның әр сейсенбісі «Оқуға күштар мектеп» жобасының іске асыру мақсатында оқушылар 8.05-8.25 уақыт аралығында кітап оқиды.

3.4. Мектеп-интернатта тәртіпті сақтау мақсатында білім алушылар, мұғалімдер, әкімшілік арасынан кезекшілік ұйымдастырылады, ол мектеп-интернаты директорымен бекітілген Ереже арқылы іске асырылады.

3.5. Білім алушылар сабаққа кешігіп келген жағдайда сынып жетекші жедел түрде ата-аналарына (заңды өкілдеріне) ескертеді, оқушылардан мектеп директорының атына жазылған түсініктеме алынады.

3.6. Мектеп-интернаттың білім алушылары тиісті құжаттардың негізінде қалалық, республикалық, халықаралық спорттық сайыстарға, конкурстарға, олимпиадаларға, байқауларға, сабақ уақытында өтетін мектеп-интернаттан тыс шараларға қатысу жағдайларында мектеп-



интернаты директорының рұқсат ету бұйрығы арқылы сабақтан босатылады. Сабақ уақытында өтетін мектеп-интернаттан тыс шараларға қатысу жағдайларында білім алушының ата-анасына (заңды өкілдеріне) алдын-ала ескертіледі.

3.7. Білім алушылар жылма-жыл өрт қауіпсіздігі, жолда жүру және қауіпсіздік техникасы, терроризмді алдын-алу ережелерімен таныстырылады.

3.8. Білім алушылардың білімдері ағымдағы, аралық және қорытынды бағаланады, жаңартылған білім беру мазмұнының бағдарламалары бойынша оқитындар – бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау бойынша бағаланады.

3.9. Сабаққа кешіккен, сабақта тәртіп бұзған білім алушыларды сабақтардан шығаруға тиым салынады.

3.10. Жұқпалы аурумен ауырған жағдайда мектеп интернатқа келуге тиым салынады. Жоспарланған медициналық егуден босатылуы үшін ата-аналарының (заңды өкілдерінің) рұқсаты керек.

3.11. Алғашқы әскери дайындық сабақтары болатын күндері білім алушыларға әскери форманы тек сол сабақта киюге рұқсат етіледі.

3.12. 10 және одан көп күн сабаққа себепсіз қатыспаған білім алушылар және құқық бұзған білім алушылар мектеп-интернатының Алдын-алу кеңесінде каралады, қарау бойынша тиісті шешімдер қабылданады.

3.13. Мектеп -интернаттың жұмыс уақыты мектептегі оқу үрдісі жүріп жатқан кезеңде 8 сағат 15 минутта басталады. Оқу үрдісі болмаған кезеңде педагогтер үшін жұмыс уақыты 9.00-13.00 аралығында. Демалыс және мереке күндері оқушылар үшін өткізілетін іс-шараларға міндетті түрде директордың рұқсаты керек және қауіпсіздік ережелері өткізілуі міндетті.

3.14. Мектеп-интернат пен білім алушылардың ата-аналары (заңды өкілдері) арасындағы өзара байланысты нығайту, білім беру мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруға көмек көрсету мақсатында ата-аналар комитеті құрылады, оның жұмысы ішкі ережемен реттеледі.

3.15. Оқу жылының әр тоқсанының соңында сыныптық ата-аналар жиналысы өткізіледі, жылына 2 рет жалпымектептік ата-аналар жиналыстары ұйымдастырылады.

3.16. Сабақ үстінде, интернатта тұратын тәрбиеленушілер ауырып қалған жағдайда дереу ата-аналарына (заңды өкілдеріне) ескертіледі, қажет болған жағдайда олар медициналық қызметкердің не болмаса тәрбиешінің жетелеуімен емханаға жеткізіледі.

3.17. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін жүзеге асыру мақсатында сынып жетекшілер мен тәрбиешілер 5-11 сыныптарға жетісіне 1 рет сынып сағаттарын өткізеді. Сынып сағаттары тәрбиенің негізгі мазмұнын жанартудың басым 8 бағыты бойынша тақырыптық сағаттар, экологиялық сағаттар, жалпыға бірдей құқықтық білім беру сабақтары және мектепшілік жобалық сабақтар ретінде өткізіледі.



#### **4. Білім алушыларының міндеттері мен құқықтары**

##### **4.1. Мектеп-интернаттың білім алушылары құқылы:**

- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;
- мектеп -интернат педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары бойынша оқуға;
- жұмыс оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;
- өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін алуға;
- мектеп –интернаттағы қолжетімді нысанда ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен тегін қамтамасыз етілуге;
- спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптарын және кітапхананы тегін пайдалануға;
- өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;
- өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- оқудағы, шығармашылық қызметтегі табыстары үшін марапатталуға;
- облыстың аймақтарынан келген білім алушылар интернатта тұру орнымен тегін қамтамасыз етіледі;
- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тегін тамақтанумен қамтылады.

##### **4.2. Мектеп-интернаттың білім алушылары міндетті:**

- Білім алушылар мен тәрбиеленушілер мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге;
- мектеп –интернаттың Ішкі тәртіп ережелерін сақтауға;
- мектеп-интернаттың Жарғысында және білім беру қызметтерінің көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілер өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға;
- білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілер педагогтің ар-намысы мен қадір-қасиетінің, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндетті;
- жыл мезгілінің көктем, күз айларында білім алушылар ауысымға аяқ киім алып келуге;
- дене шынықтыру сабағында міндетті түрде спорт киімдері болуы тиісті;
- әлеуметтік желідегі адам психологиясына және адам өміріне кері әсерін тигізетін әлеуметтік парақшаларға тіркелуге болмайды;
- мектеп-интернаттың білім алушыларына сабақ барысында педгогтің рұқсатынсыз мобильді телефон, смартфонды қолдануы шектеледі, ұялы телефон мен смартфондарды сабақ үстінде дыбыссыз режимге қойып сөмкелеріне салып қою тиіс;



- бірнеше күн сабақты денсаулық жағдайына байланысты қалдырған білім алушылар медициналық анықтама ұсынуы қажет;
- интернатта тұрудың бекітілген ережелерін сақтауға;
- білім алушылар мектеп-интернаттың мүлігін ұқыпты пайдалануға тиісті;
- білім алушыларды жеке жағдайларда сабақтан босату оның ата - анасының (заңды өкілдерінің) арызы негізінде сынып жетекшісін ескерту арқылы рұқсат етіледі.

## **5. Педагогтардың міндеттері мен құқықтары**

### **5.1. Педагогтар құқылы:**

- кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтік қызметпен айналысуға;
- ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;
- тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;
- білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогтік қызметке;
- тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда педагогтік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;
- білім беру ұйымдарын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
- білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;
- жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлануға және оны атқаруға;
- бес жылда бір реттен сиретпей, ұзақтығы төрт айдан аспайтын біліктілігін арттыруға;
- санатын арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;
- педагогтік қызметтегі табыстары үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар мен атаулы стипендиялар түрінде моральдық және материалдық көтермеленуге;
- өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына;
- ғылыми қызметпен айналысу үшін педагогтік өтілі сақтала отырып, шығармашылық демалыс алуға;
- білім беру ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым жасауға;



- білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан өз ар-намысы мен қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

- жұмысқа рұқсат беретін жыл сайынғы тегін медициналық тексеріске;

- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, педагогтар өздерінің кәсіптік міндеттерін орындаумен байланысы жоқ жұмыс түрлеріне тартылмайды.

## **5.2 Педагогтар міндетті:**

- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;

- білім алушыларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

- өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға;

- бес жылда бір реттен сиретпей аттестаттаудан өтуге;

- педагогикалық әдеп қағидалары мен нормаларын сақтауға;

- білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

- білім алушылар жасаған, оның ішінде білім алушыларға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтар фактілері туралы не өздеріне белгілі болған, мектеп -интернаттан тыс жерде болған осындай құқық бұзушылықтар жасау фактілері туралы құқық қорғау органдарына дереу хабарлауға;

- мектеп –интернат басшылығына өмірлік қиын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

- білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндетті;

- пән мұғалімдері «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірде № 130 бұйрығымен бекіткен келесі құжаттарды міндетті түрде жүргізуге: сынып журналы, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар, критериалдық бағалау бойынша құжаттар, оқушылардың күнделіктері; сынып жетекшілер – сынып журналын, оқушылардың жеке іс-қағаздарын, тәрбие жұмысының жоспарын, ата-аналар жиналысының хаттамаларын, білім алушылардың күнделіктерін;



- бекітілген оқу кабинетінің санитарлық жағдайын қадағалауға, мектеп мүлкін ұқыпты қапрайды, өз мақсатында пайдаланбайды;
- сабақты қалдырған, сабаққа кешіккен оқушылардың себебін анықтау және тиісті жұмыстар өткізу;
- топ тәрбиешілері өзіндік дайындалуға, интернат тәртібін сақтауға, тәрбие сағаттарын өткізуге;
- сабақтар барысында, оқу үрдісі мен тәрбиелік, сыныптан тыс іс-шаралар кезінде білім алушылардың денсаулығына зиян келген жағдайда оны медициналық мекемеге сынып жетекшісі, тәрбиеші немесе кезекшілік атқаратын мектеп әкімшілігінің өкілі, медициналық қызметкер жеткізеді;
- дене шынықтыру сабағынан босатылған білім алушыларды спорттық залда болуын және оларды спорттың басқа түрлерімен қамтамасыз етеді;
- сынып жетекшілер білім алушының сабақтан бос уақытын ұйымдастыруға ықпал етеді, оның мониторингін жасайды;
- сынып жетекшілер мен тәрбиешілер сыныптары және топтары қатысатын мектепшілік шараларға білім алушыларды уақытында қатыстырып, іс-шараларға қатынап оқитын білім алушылардың қатысуын қамтамасыз етіп, бақылауға;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қолданады;
- өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында іскерлік киім үлгісін ұстанады;
- өз қызметінде академиялық адалдық принциптерін сақтайды;
- білім беру үрдісінің қатысушыларымен қарым - қатынас барысында моральдық этикалық нормаларды сақтайды, абыройы мен қадір қасиетін құрметтейді;
- Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшіндігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға жол бермеуі тиіс.

## **6. Ата аналар мен заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері:**

- 6.1. Балаларының құқықтары мен мүдделерін қорғауға;
- 6.2. ҚР заңнамаларына және мектеп- интернаттың Жарғысына сәйкес ата аналар комитеттері арқылы мектеп- интернаттың басқару органдарының жұмысына қатысуға;



6.3. Өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

6.4. Өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан консультациялық көмек алуға;

6.5. Сабақтарға (мектеп әкімшілігі және педагогтің келісімімен) және оқу, оқудан тыс қызметтің басқа түрлеріне қатысуға;

6.6. Балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алуына құқығы бар.

**Міндеттері:**

6.7. Балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, адамгершілік тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

6.8. Өз балаларының тәрбиесіне жауаптылық алуға, олардың негізгі орта және жалпы орта білім алуы үшін жағдай жасауға, білім алушылардың сабақтарға күнделікті қатысуларын қадағалауға;

6.9. Білім алушының оқуға қажетті құралдармен қамтамасыз етуге, мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға, оның ішінде: спорттық форма, ауыстыратын аяқ киім, қажет болған жағдайда мектепшілік хор үйірмесінің формасымен қамтамасыз етуге;

6.10. Мектеп -интернаттыпен белгіленген киім формасын сақтауға міндетті;

6.11. Шақырту шарасы бойынша жалпымектепшілік, сыныптың ата аналар жиналысына, педагогикалық консилиумдерге, мектепшілік іс-шараларға қатысуға;

6.12. Білім алушының мекен жайы, байланыс телефоны өзгерген жағдайда сынып жетекшіге хабар беруге;

6.13. Әр ата -ана мен заңды өкіл ҚР қолданыстағы заңнама нормаларын, осы Ережені, мектеп -интернат жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;

6.14. Мектеп -интернат жұмыскерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

6.15. Қолданыстағы қарастырылатын заңнамалармен, білім алушы мектеп мүлкіне келтірген шығынды орнына толтыруға көмек көрсетуге;

6.16. Мектеп –интернат пен ата -аналардың арасында жасалған білім беру қызметін көрсету келісім шартты орындауға;

6.17. Мектеп –интернатта туған күндер өткізуге орай дастархан жаюға, педагогтарға сыйлық жасауға тыйым салынады;

6.18. Өз балаларының мектептен тыс бос уақытын тиімді ұйымдастырып оны қадағалау;

6.19. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болуларын болдырма.



**7. Интернат жатақханасының жалпы ережелері.  
Интернат жатақханасында тұратын тәрбиеленушілердің күн  
тәртібі**

	<b>5-8 сыныптар</b>	<b>9-11 сыныптар</b>
Ұйқыдан тұру	07.00-07.05	07.00-07.05
Таңғы жуыну шаралары	07.05 -07.15	07.05 -07.15
Таңғы жаттығу	07.15-07.25	07.15-07.25
Таңғы ас	07.25-07.45	07.25-07.45
Сабаққа дайындалу	07.40-8.15	07.40-8.15
Сабақ уақыты	08.30-15.25	08.30-15.25
Екінші таңғы ас	10:55-11:10 5-7 сыныптар	11:55-12:10 8-11 сыныптар
Түскі ас	13:50-14:35 5-7 сыныптар	14:40-15:25 8-11 сыныптар
Оқушылардың қосымша сабақтары (вариативті компонент), үйірме жұмысы	14:40-19:30	14:40-19:30
Екінші түскі ас	15:45-16:00 5-7 сыныптар	15:45-16:00 8-11 сыныптар
Оқушылардың сабаққа дайындалу уақыты	16:00-18:00	16:00-18:00
Серуен	18:00-19:00	18:00-19:00
Кешкі ас	19:00-19:30 5-8 сыныптар	19:30-19:30 9-11 сыныптар
Екінші кешкі ас	20:30-20:45 5-7 сыныптар	20:30-20:45 8-11 сыныптар
Ұйықтауға дайындалу	20:45-22:00	20:45-22:00
Түнгі ұйқы	22:00	22:00

**7.1 Интернат жатақханасына тәрбиеленушілерді қабылдау ата-ананың немесе заңды өкілінің арызы негізінде:**

- Аудан, облыс көлеміндегі қаладан келген білім алушылар;
- Жетім, қамқоршысымен тұратын;
- Көпбалалалы және аз қамтылған отбасының балалары;
- Отбасында мүгедек жан бар отбасы балалары;
- Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы;
- Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балалары бірінші кезекте қабылданады.

7.1.1 Бос орын болған жағдайда жоғарыдағы санатқа жатпайтын балалардың ата –аналарының (заңды өкілінің) арыздары қарастырылады.

7.1.2 Тәрбиеленушілер ата –аналардың (заңды өкілінің) арызы негізінде мектеп интернат директорының бұйрығы негізінде қабылданады.



7.1.3 Интернат жатақханасына қабылдау төмендегі барысында келесі қажетті медициналық анықтамасы негізінде топ тәрбиешісі мен медбике қабылдауды.

7.1.4 Оқу жылы басында интернатқа қабылданатын білім алушылардың резервтік тізімі жасалынады. Ол тізімге балаларды тіркеу оқу жылы барысында жүзеге асырылады.

7.1.5 Оқу жылы ішінде босаған орынға бала қабылдау резервтік тізімнен ата-ананың (заңды өкілінің) арызы негізінде қабылданады.

## **7.2 Интернаттағы тәрбиеленушілердің ережесі.**

7.2.1. Интернат тәрбиеленушілері күн тәртібін және интернат ережесін сақтауы тиіс;

7.2.2. Тәрбиеленушілер өздерінің қабілетіне, қызығушылығы бойынша үйірмелер, спорт секцияларына қатыса алады;

7.2.3. Тәрбиеленушілер өздерінің бөлмелеріндегі мүлікті ұқыпты ұстап, бөлме тазалығын сақтау тиіс;

7.2.4. Интернат тәрбиеленушілеріне бағалы әшекейлер, көп мөлшерде ақша, өзінің жеке компьютерлік техникасын ұстауға рұқсат етілмейді;

7.2.5. Демалыс күндеріне тәрбиеленушілер сағат 15.00 кейін, тәрбиешілерді ескерту арқылы жіберіледі, жексенбі күні сағат 19.00 кешікпеуі тиіс;

7.2.6. Демалыс күндеріне тәрбиеленушілердің өз бетімен кетуіне рұқсат етілмейді. Өз бетімен интернаттан кетуі, мектеп және интернат ережесін бұзу болып есептеледі;

7.2.7. Ата-аналарынан (заңды өкілінің) басқа адамдармен, тек сенімхат немесе қолхат негізінде тәрбиеленушілер демалыс күндеріне, каникулға жіберіледі;

7.2.8. 10-11 сынып оқушыларының өзіндік демалыс күндері қатынауы ата-аналардың (заңды өкілінің) қолхаты арқылы жүзеге асырылады;

7.2.9. Интернат ғимаратына бөгде адамдарды кіргізуге тиым салынады;

7.2.10. Баланың каникулдан кейін және денсаулығына байланысты болмаған күндерінен кейін, оқушы интернатқа дәрігердің анықтамасы негізінде қабылданады.

## **7.3. Мектеп-интернат жатақханасында тұратын тәрбиеленушілерінің міндеттері**

7.3.1. Интернат жатақханасын орындауға;

7.3.2. Тәрбиеленушіге берілген бөлме мен ондағы пайдалану құралдары мен жалпы қолдану орындарын ұқыпты ұстауға;

7.3.3. Жеке бас гигиенасын сақтауға, денесін шынықтыру жаттығуларын орындап оны әрдайым күнделікті әдетке айналдыруға;

7.3.4. Бөлменің жиһаздарын түзу және үлгілі санитарлық қалпында ұстауға;



- 7.3.5. Тәрбиеленуші өзіне бекітілген бөлмеге, оның ішіндегі жабдықтарға дұрыс қарауға мен бөлменің электр энергиясын және суды үнемдеуге;
- 7.3.6. Интернаттан белгілі себеппен ұзақ мерзімге кету кезінде (ауырып қалу, отбасылық жағдайға байланысты) тәрбиешілерге ескертуге;
- 7.3.7. Интернатта екінші аяқ киімді ауыстырып жүруге;
- 7.3.8. Токқа қосатын сымдарға, қос тілді ток қосқыштарға, штеккерлерге тиіспеуге және оларды ашпауға;
- 7.3.9. Белгілі себеппен тәрбиешіден сұранған уақытта сырттан тамақтанбауға және сырттан тамақ әкелмеуге;
- 7.3.10. Мектеп-интернатында және қоғамдық орындарда өзін мәдениетті ұстауға, дөрекілік көрсетуге, нормаға жатпайтын лексиканы қолданбауға;
- 7.3.11. Жасы кішіге, әлсіздерге, жаңадан келген тәрбиеленушілерге үстемдік, өктемдік жасамауға;
- 7.3.12. Ұялы телефонды сабақ уақытында, асханада, сабаққа дайындық уақытында қолданбау;
- 7.3.13. Ұялы телефондарды пайдалану қауіпсіздігіне байланысты 5-7 сынып оқушыларына интернатта тек жәй үлгідегі телефонды қолдануға рұқсат етіледі (камерасы және интернеті жоқ);
- 7.3.14. Интернатта ішкі өмірін тәрбиеленушілер мен тәрбиешілердің құқықтарын бұзбау мақсатында ұялы телефонға видео, аудио жазбаларды түсірмеу және жалған ақпарат таратпауға.
- 7.3.15. Өзіндік дайындық сабақтары уақытынан кешігуге (16.00-18.00), себепсіз сұрануға тыйым салынады;

#### **7.4. Интернат тәрбиеленушілердің ата-аналары мен заңды өкілдеріне қойылатын талаптар:**

- 7.4.1. Тәрбиеленушілер интернатқа ата-аналарының (заңды өкілдерінің) арызы негізінде қабылданады;
- 7.4.2. Ата-аналар (заңды өкілі) балаларының интернаттың ережесі мен күн тәртібін бұзуға жол бергізбеуі тиіс;
- 7.4.3. Интернатта тұратын тәрбиеленушілер мемлекет мүлігінің сақталуына жауапты. Қолданыстағы қарастырылатын заңнамалармен, тәрбиеленуші интернат мүлкіне келтірген шығынды орнына толтыруға көмек көрсетуге;
- 7.4.4. Ата-аналар мен заңды өкілдер балаларын интернатқа белгіленген уақыттан кешіктірмей әкелуге міндетті;
- 7.4.5. Оқу аптасы барысында интернаттан тәрбиеленушілерді тәрбиешілердің рұқсатынсыз себебсіз алып кетуге тиым салынады;
- 7.4.6. Демалыс күндері, мерекелік күндері, каникулға тәрбиеленушілерді ата-анасының (заңды өкілінің) қолхатынсыз алып кетуге тиым салынады;
- 7.4.7. Оқу аптасы барысында тәрбиеленушілерді тәрбиешінің рұқсатымен, дәрігердің ұсынысы бойынша жіберуге рұқсат етіледі;
- 7.4.8. Тәрбиеленушінің каникулдан кейін және денсаулығына байланысты болмаған күндерінен кейін, оқушы интернатқа дәрігердің «» анықтамасының болуын қамтамасыз ету ету қажет;



- 7.4.9. Каникулдан кейін тәрбиеленушінің гигиеналық жағдайы таза болуына ата -анасы (заңды өкілі) жауапты;
- 7.4.10. Ата -ана балаларын гигиеналық заттармен қамтамасыз ету қажет;
- 7.4.11. Жыл мезгілдері бойынша келесі киімдермен қамтылу қажет:
- мектеп формасы;
  - күнде киюге арналған;
  - концертке киетін (ақ көйлек, ақ бантик, кара галстук, кара туфли, шұлық, ақ колготки);
- 7.4.12. Мектеп-интернатының тәрбиеленушілері дәрігердің берген нұсқаулығы бойынша ғана емделу мақсатында дәрі-дәрмектерді қолдануға болады;
- 7.4.13. Ата-аналары (заңды өкілі) тәрбиеленушінің тамақтану төленмін келісім шарт негізінде, белгіленген уақытта төлеуі керек;
- 7.4.14. Тәрбиеленушілерге қымбат эшекейлер, көп мөлшерде ақша, ұялы телефон, өзінің жеке компьютерлік техникаларды қолдануға тыйым салынады (жоғалған жағдайда мектеп өз жауапкершілігіне алмайды);
- 7.4.15. Ата -аналарға (заңды өкіліне) интернат қабаттарындағы бөлмелерге (2- 4қабат) баруына тыйым салынады.

### **8. Мектеп-интернатты басқару**

- 8.1 Мектеп-интернатты басқарудың формалары Педагогикалық кеңес, Әдістемелік кеңес, Қамқоршылық кеңестер болып табылады;
- 8.2 Педагогикалық кеңестің оқу жылына кем дегенде 5 отырысы өткізіледі, міндетті отырыстар тамыз, қараша, қаңтар, наурыз, мамыр айларында, Әдістемелік кеңес жылына төрт рет өтеді, оның құрамына мектеп-интернат директорының орынбасарлары, әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері кіреді. Педагогикалық кеңес өз жұмысында орталық атқару органы бекіткен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын, Әдістемелік кеңес - Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесін, Қамқоршылық кеңес - Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын басшылыққа алады;
- 8.3 Әр аптаның дүйсенбісінде сағат 15.30-де шұғыл жиналыстар, айына 1 рет – мектеп директорының қатысуымен кеңестер өткізіледі, оған педагогикалық ұжым толық құрамымен қатысады. Директор жанындағы кеңесте оқу-тәрбие үрдісіне байланысты сұрақтар, жедел шешуді қажет ететін сұрақтар, оқу-тәрбие жоспарының орындалуы каралалды;
- 8.4 Қажет болған жағдайда әр айдың үшінші сенбісі педагогтер үшін педагогтік, әдістемелік жұмыстарды қорытындылайтын, кабинеттердің санитарлық жағдайын бақылайтын күн деп белгіленсін. Мектеп-интернат әкімшілігі үшін сенбі жоспарлау күні деп белгіленсін.



## **9. Мектеп-интернатқа білім алушыларды қабылдау және шығару**

9.1 Білім алушыларды мектеп-интернатқа қабылдау кезінде Оқуға қабылдау қағидалары басшылыққа алынады және ҚР БҒМ Мамандандырылған білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау бойынша әдістемелік нұсқаулықтарды ескере құрастырылған мектеп-интернатының ережесі негізінде мектеп-интернаты директорының бұйрығы шығарылады;

9.2 Мектеп-интернаты оқуға қабылдау үшін қосымша конкурстық турларды белгілейді. Білім алушыларға іріктеу жүргізудің мазмұны мен нысаны, қабылдау, мектептен шығару, білім алушыларды ауыстыру және мектепті бітіру тәртібі білім беру ұйымының жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

9.3 Мектеп-интернат өзінің интернет-ресурсында конкурстық іріктеуді жүргізу кезінде сынып-жинақтарды қалыптастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін квотаны орналастырады.

9.4 Мектеп-интернатқа оқуға түсуге баланың ата-анасынан немесе өзге де заңды өкілінен конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 ақпанынан бастап 15 сәуір аралығында жүргізіледі, қосымша мерзімдерді Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

9.5 Конкурсқа қатысу үшін баланың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі белгіленген мерзімде мектеп -интернат интернет-ресурсында тіркеуден өтеді немесе мектеп –интернаттың жауапты адамына мынадай құжаттарды:

- 1) баланың ата-анасынан немесе өзге де заңды өкілінен өтініш;
- 2) ЖСН көрсете отырып, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесін;
- 3) баланың электрондық мекенжайын көрсете отырып, оқу орнынан ұйымның мөрімен расталған фотосуреті бар анықтама;
- 4) баланың 3x4 көлеміндегі 2 дана фотосуретін;
- 5) ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 тамыздағы №350 бұйрығы негізінде халықтың әлеуметтік осал топтарына жататынын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

9.6 Резервтік тізімге енгізілген үміткерлер мектеп –интернатта бос орын болған жағдайда оқу жылының ішінде қабылдана алады. Бос орындардың болуы мектеп –интернаттың интернет-ресурсында орналастырылады.

9.7 Мектеп –интернатқа оқуға қабылданған білім алушыларға тиісті мемлекеттік қызмет көрсетіледі және Мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартымен реттелген құжаттар талап етіледі:

- 1) туу туралы куәліктің көшірмесі;
- 2) 2 дана 3x4 көлеміндегі фотосуреті;
- 3) 063-нысанындағы медициналық анықтама,
- 4) ата-ананың (заңды өкілдерінің өтініші);

9.8 Оныншы, он бірінші (он екінші) сыныптарына білім алушыларды қабылдау білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып және білім алушының жеке өтінішінің не олардың ата-аналарының немесе өзге де



заңды өкілдерінің өтінішінің және негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде жүзеге асырылады. Өтініштер күнтізбелік жылдың 15 тамызға дейін қабылданады.

9.9 Мектеп-интернаттың әр білім алушысының жеке құжаттары жинақталады, оны сынып жетекшісі және оқу бөлімінің хатшысы жинақтайды.

9.10 Оқушының жеке іс-қағазына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2007 жылғы 23 қазандағы №502 бұйрығымен реттелген(2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 ) Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанында бекітілген құжаттар енгізіледі: 1) туу туралы куәліктің көшірмесі; 2) 2 дана 3x4 көлеміндегі фотосуреті; 3) медициналық карта (мектепке қабылданған кезде талап етіледі) және мектептің медициналық кабинетінде сақталады; 4) әрбір сыныптағы үлгерім табелі тіркеледі.

Оқу жылының соңында Жеке іс қағазына барлық пәндер бойынша бағалары туралы жазбалар, білім алушылардың жетістіктері мен босатқан сабақтарының саны жазылады. Білім алушының жеке іс қағазы орта білім беру ұйымына қабылданған кезден бастап мектеп бітіргенше (мектептен шыққанша) әрбір білім алушыға жүргізіледі. 10-11 (12) сынып білім алушыларының білім алу кезеңінде негізгі орта мектепті бітіргені туралы аттестат жеке іс қағазында болады.

Білім алушылардың жеке іс қағаздарын мұғалімдер, 5-11 (12) сыныптарда жетекшілері жүргізеді. Білім алушылардың іс қағаздары білім алуы кезінде және мектепті бітіргеннен кейін үш жылға дейін сақталады.

9.11 Мектеп-интернатының білім алушылары арасында әлімжеттік көрсету, ұрлық жасау және мектеп ережесін бұзған оқушылар «Құқықбұзушылықты алдын алу кеңесіне» шығарылады;

9.12 Он алты жасқа дейінгі балаларды мектеп-интернаттан шығаруға құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, мектеп-интернатының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру ұйымы мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша ерекше жағдайларда рұқсат етіледі. Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншы және қамқоршы ұйымдардың келісімімен қабылданады.

### **10Өзге жағдайлар**

10.1 Білім алушылардың денсаулықтарына қауіпсіз жағдай жасау мақсатында мектеп-интернаты оқушыларының туылған күндерінде мектеп, интернат, сынып бөлмелерінде ата-аналар тарапынан азық-түлік қолдануды көздейтін шаралар өткізуге тиым салынады;

10.2 Мектеп-интернаттың білім алушыларына сынып жетекшілерінің, тәрбиешілердің қарауынсыз мектеп-интернаты аумағынан сырт шығуға тиым салынады. Театр, кино, көрмелер, саяхаттар мен экскурсияларға тек педагогтердің жетекшілігімен әрі мектеп-интернаты директорының бұйрығымен рұқсат етіледі;



10.3 Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің міндеттерін бұзғаны үшін оларға мектеп-интернаттың Ішкі тәртібінің ережелерімен және Жарғысымен көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары не білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзге де шаралар қолданылуы мүмкін;

10.4 Міндеттерін бұзғаны және педагог атағына кір келтіретін теріс қылық жасағаны, педагогикалық әдеп нормаларын бұзғаны үшін педагог Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тартылуы мүмкін;

10.5 Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, діни насихат жүргізу мақсатында немесе білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануына тыйым салынады;

10.6 Мектеп-интернатта оқу-тәрбие үдерісі тегін әрі қолжетімді. Мектеп-интернатта, сыныптарда жөндеу жұмыстарын өткізуге, материалдық-техникалық базаны толықтыруға, кеңсе заттарын сатып алуға, оқулықтармен қамтамасыз етуге, сыныптан тыс және мектепшілік шараларды өткізуге оқушылардың ата-аналары мен заңды өкілдерінен ақшалай қаражат жинауға тиым салынады;

10.7 Мектеп-интернатта білім алушылар арасында құқық бұзушылықты алдын-алу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру мақсатында Алдын-алу кеңесі құрылады, оның жұмысы сәйкесті мектепшілік ережемен реттеледі;

10.8 Интернатта тұратын тәрбиеленушілер мектеп-интернат пен ата-аналарының (заңды өкілдің) арызы және қолхаты негізінде ғана мектептен тыс үйірмелерге, қосымша білім беру ұйымдарына, дайындық курстарына баруға рұқсат етіледі;

10.9 Интернат тәрбиеленушілерін мектептен тыс үйірмелерге, қосымша білім беру ұйымдарына, дайындық курстарына: өзіндік сабаққа дайындық және тамақтану уақыты және сағат 18.00 кейінгі уақытта оқушылардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында баруға рұқсат берілмейді.

## **11. МЕКТЕПТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ**

11.1 Барлық мұғалімдерге, қызметкерлерге және оқушыларға қолжетімді жерде мектеп директорымен бекітілген бұйрық негізінде эвакуация жоспары, жазатайым оқиға немесе жаракат алған кездегі мектеп қызметкерлерінің және оқушылардың іс-әрекет алгоритмі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, жедел жәрдем, қалалық төтенше жағдайлар департаментінің, ұйым басшыларының (директор, орынбасарларының), мектептің медициналық қызметкерінің, күзет қызметінің байланыс телефондары орналастырылған ақпарат бұрышы болу қажет.

11.2 Әкімшілік, тәрбиешілер мен мұғалімдер балалардың асханада, медициналық кабинетте, сыныпта, дәліздерде, спорт залында, акт залында тәртібін бақылайды және қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

11.3 Тәртіпсіздік, немқұрайлық пен ұқыпсыздықтан туындау мүмкін қауіпті (төтенше) жағдайды болдырмау мақсатында әкімшілікке,



оқытушыларға, қызметкерлерге, оқушыларға және тәрбиеленушілерге осы факторларға назар аудару деңгейін жоғарылату қажет.

11.4 Барлық мұғалімдердің, қызметкерлер мен оқушылардың мектепке кіріп-шығуы тек арнайы орнатылған турникет арқылы жүзеге асырылады.

11.5 Бөгде заттарды мектепке әкелуге тыйым салынады (қораптар, сөмкелер, құтылар, бөтелкелер, өткір, тез тұтанатын және жарылғыш заттар және т.б.).

11.6 Мектеп аумағында және ғимаратта бөгде адамдардың болуын болдырмау, сондай-ақ рұқсатсыз кірудің алдын-алу үшін келесі қабылдау тәртібін орнату үшін:

- бөгде адамдардың мектепке кіруіне тыйым салынады, оның ішінде оқушылардың туыстары мен таныстары және жеке басын қуаландыратын құжатсыз қызметкерлер;

- білім беру мекемесінің әкімшілігінің келісімінсіз бөгде адамдардың мектепке кіруіне тыйым салынады.

**Оқу мекемесінің ғимаратына бөтен адамдарды қабылдау ережелері:**

- бөгде адамдарға мектепке кіру тек қабылдау күндері ғана рұқсат етіледі;

- келушілерді тіркеу қабылдау кітабына енгізу арқылы жүзеге асырылады;

- жоспарланған мәдени іс-шаралар, спорттық секцияларының жұмысын және мүмкін болатын төтенше жағдайларды қоспағанда, демалыс әрі мереке күндері мектепке кіруге тыйым салынады.

11.7 Орта және жоғары сынып оқушыларына арналған сабақ уақытында және қосымша білім беру кезінде (үйірмелер, секциялар жұмысы және т.б.) мектеп ғимаратынан шығу сынып жетекшісінің жазбаша рұқсатымен жүзеге асырылады (бұл рұқсат күзет бекетінде бір айға дейін сақталады).

11.8 Көлік құралдарының мектеп аумағына рұқсатсыз кіруіне тыйым салынады. Мектеп асханасына тамақ жеткізген кезде, қоқыс пен тұрмыстық қалдықтарды шығарған кезде, төтенше жағдайларда көлік құралдарының кіруіне тиісті тексеру және көлік құралдарының кіруге рұқсат етілетін тізіміне енгізу арқылы жүзеге асырылады.

11.9 Тәрбиешіге ескертусіз интернат тәрбиеленушілеріне ғимараттан шығуға тыйым салынады. Өздігімен кету, жазатайым, бала ауырып қалған жағдайда орын алса бұл туралы әкімшілікке, құқық қорғау органдарына, ата-аналарға жедел хабарлау қажет. Ата-аналарының жазбаша рұқсатынсыз, интернат тәрбиеленушілерін бейтаныс адамдарға беруге тыйым салынады.

11.10 Мектепте оқитын оқушылар, қызметкерлер және мұғалімдер мектептегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты кемшіліктерді анықтаған кезде, бұл туралы мектеп басшысына, кезекші әкімшіге немесе кезекші мұғалімге дереу хабарлауға міндетті.

11.11 Мектептегі төтенше жағдайлар немесе басқа жағдайлар туындаған кезде мұғалімдер, оқушылар және қызметкерлер оқыс оқиға немесе оқушының жарақат алуы кезінде білім беру ұйымының қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін ұстануы керек.